

## Тартоғай ауылдық округіне қарасты "18 бекет" елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге "Тәуелсіздік" атауын беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Тартоғай ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 15 шілдедегі N 26 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 18 тамызда N 10-9-129 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 3 тармағын басшылыққа ала отырып, аудандық ономастикалық комиссия мәжілісінің 2010 жылғы 2 маусымындағы N 4 хаттамасына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Тартоғай ауылдық округіне қарасты "18 бекет" елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге "Тәуелсіздік" атауы берілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маман заңгері Г.Байденоваға жүктеймін.

*Ауылдық округі әкімі*

*Ф. Жанибекова*